

Қошқар батырдың есімі туған ауылына берілсе

Кенесары ханның хас батырларының бірі Қыпшақтың Сары руынан шыққан Қошқар батыр Дауұлының атын өзінің туған, мәңгілікке тұрақтаған жері Қабырға ауылына беру парыз.

Батыр Даудың тұңғышы Қошқар бабамыз кешегі Иман батырмен түйедей құрдас, елін-жерін халқын қорғаған батырлардың бірі де бірегейі. Жасының ұлғайғанын ескеріп, батырға құрметпен қарап, Кенесары хан Қырғызға аттанарда Қошқар батырдың батасын алған. Сол бабамыздың ерлігі, өрлігі, халқына қамқорлығы, кейінгі ұрпағы жайлы айтыла бермейді.

Көп жағдайда кісі жадынан шығып, ұмыт болып, сырт көзге иесіз, елсіз жай бос аймақ болып қала береді. Осы алып ұлан ғайыр қазақ даласының әр түпкірі мен төбесінің өзіндік тарихы мен жұмбақ сырлары жеткілікті. Қазақ топырағындағы киелі аймақтың бірі де бірегейі осы біздің Торғай аймағы. Өкінішке орай осы киелі жер жайлы кезінде нақты деректер жиналып, зерттеулер жасалмады.

лар, ел қорғаған батырлар, кейуана аналар көз алдына келеді. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында қызмет бабымен Қабырға өзені бойындағы «Крупская» кеңшарында қызметте болдым. Ол кезде ауылдың іргесі бүтін, адамдары тығыз шоғырланған кезі. Елдің, жердің тарихын білетін шежіре қарттар да көп еді.

Қабырға бойын жайлаған Қыпшақтың «Сары», «Жолдыбек» руынан талай жақсылар мен жайсаңдар шыққан.

Қазақ-Қалмақ соғысында ерекше ерлік көрсеткен жауынгерге риза болып көмекшісіне «Әй! анау ұзын сары батырды шақыр» деген екен Хан Абылай. Ол батырдың аты Өтетілеу болатын. Ұлы Ханның бір ауыз сөзінен «сары» атанып кеткен ағайын қазір 350-400 отбасына жақын. Осы сары руынан Дау атты батыр шыққан.

Даудың мәңгілік тұрақтаған жері Құмкешуден 15 шақырым Торғай-Тоқанай өзені арасындағы биік төбе. Қошқар батыр ағайын-туыс елін жинап әкесінің дене топырағының үстіне үлкен оба үйгізген. Топырақты үйе-үйе көпшілік шаршаған кезде Қошқар батырдың құрбасы

дары кеңес үкіметі соттап, Сібірге айдаған. Сібірден қашып келіп қайтқан. Өзі салған кесенеге жерленген.

Осы өңірде Қошқар батырмен тұстас «Жолдыбек», Сарыдан (ру аттары) шыққан батырлар көп болған. Көбі кәзір естен шыққан. Көршілес «Құстөбе» ауылының Торғай өзеніне жақын жеріндегі Өтеген (руы Сазан) қажы зиратында Жаңабай, Жанат батырлар жатыр. Қабырға мен Кемердің арасындағы «Жолшора» қопасының жағасында Естекбай, Байсал, Нарымбай батырлар мәңгіге тұрақтаған.

Жолдыбек, Жаңатай батыр «Байтоқта», Қашқын батыр өз атымен аталатын «Қашқын» деген жерде жатыр. Кезінде ел қорғаған ерен батырлардан Сары Қошқар батырмен қатар Бегімбет Иман батыр, Ыстыбай Шәкір батыр, Төлек Жәуке батырлар аттары аталады да, басқасы ұмыт қалып келеді. Болмаса осы аймақта қаншама ел қорғаған батырлар болған.

Бүгінгі күні қолдан батыр жасау үрдіс алды. Кім бай, бар болса сол әулеттен әулие де бай да, батыр да қаптап шығып жатыр. Қысқасы қолдан батыр, атақты адам жасап жатқан уақыт болды. Неше алуан байлар

өнер адамдары шықты. Күні кеше өмірден озған жазушы-журналист, Торғай тарихын зерттеуші Бөгетбай Әлмағанбетов. Жоғарыда айтқан Сапабек Әсіпов қазақ тарихының қарт шежіресі, қазақтың жерін қаламымен қорғаған қайраткер журналист-жазушы болса, осы аймақтың «Қоға» деген жерінде дүниеге келіп атын Қоғабай қойған Сәрсекеев ағамыз осы ауылдың тумасы. Атақты жазушы, баспагер Торғай тарихымен қатар алаш көсемдерін зерттеп, олар салған сара жолды жалғаған «Қазақ» газетін, «Ай-қап» журналын 100 жылдан кейін қайта өмірге әкеліп Ахмет Байтұрсынов мұрасын жалғаған асыл аға.

23 жасында космонавтика саласынан Мәскеуде ғылым кандидаттығын қорғаған физик-математик ғалым Ұғыбай Бектұрсынов, химия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Университеттің проректоры, Мейрам Ермағанбетов, педагогика ғылымдарының докторы марқұм Кәкімхан Оспанов, биология ғылымдарының кандидаты Қайыржан Баймағанбетов, Еуразия ұлттық университетінің археология бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты

шыққан. Солардың ішінде социалистік еңбек ері Еркін Шайкенов, Ленин ордені иегерлері Өмірбек Жандәулетов, Спан Мақанов, қос Еңбек қызыл ту орденді, Шибұттың Жақсылығы, Бейсеннің Есеттерімен қатар соғыс ардагерлері де өте көп болып еді. Қабырға бойын сан ғасырлар мекендеген ағайын суы тұщы, шабындығы мол жайылымы шүйгін жерлерге ата қонысын салып, өсті, өркендеді. Әрбір елді мекеннің өзіндік тарихы мен атаулары бар. Сол киелі жер аттары ойға орала береді. «Кемер», «Шақпақ», «Қараша-төбе», «Бестам», «Бабақай», «Қойшыбай», «Қолтық», «Алакөл», «Қоға», «Талдығара», «Қарасу», «Бижан», «Қабырға», «Оспан», «Жолшора», «Қарағанды», «Жалмауыз», «Қандығара», «Қисық бидайық», «Құмтөбе», «Сарыбас», «Бесапан», «Мықы», «Кіші мықы», «Тәкібай», «Жыланды сай», «Шыңсай», «Тоқмырза», «Қашқын», «Жарғұй», «Өлеңді өзек», «Алтын шыққан Жарғұй», «Қызылкөл», «Талас», «Сыр қырылған», «Астауқөл», «Ұзынкөл», «Қоссор», «Жылкелді», «Қоңырзек», «Ақпанши», «Жылқықырылған», «Орта құдық», «Тайлақ», «Байтоқ»,

жетелсе жалаң, жұтаң әр кезеңде қағазға түскен деректен әріге бармады.

Елдің өткенін, бүгінін білмейтін, тарихтан тағылымы жоқ адам үшін киелі жер иесіз жапан дала болып көрінері анық. Иә, осы ең даланы Торғай ойпаты мен үстіртін сан ғасырлар бір анадан туған Арғын-Қыпшақтың баласы жайлап, малына пана, жанына сая, отбасына береке-бірлік тапты.

Кешегі киелі қарттарымыздың басы бүтін кезінде ағайын арасы ала болады деп руға, жүзге бөлдірмейтін. Бүгінгі ұрпақ бабалар аманатын қастерлемей руға, жүзге бөлінетін дертке ұшырады. Береке – бірлікке, тұтастыққа емес, тоз-тоз бөлінуге апаратын қатерлі бағыт. Сол ел бірлігінің арқасында осы ұлан-ғайыр жерді (Қазақстан жер көлемі жөнінде дүние жүзінде 9-шы орында) жаудан да, даудан да, жаттан да қорғап бүгінгі ұрпаққа аман жеткізді.

Бүгінгі жер иесі жастар өзі туып өскен жердің тарихын біле ме деген сұрақ мазалайды. Көп жағдайда жастардан қай жерденсің десең өзіңе жақтырмай қарап, кешегі кеңес заманындағы атаумен «Крупская» не «Родник» дей салады. Әрі қарай қазбалап сұрасаң көп жағдайдан хабарсыз.

Әрине, оған жастар кінәлі емес. Елдің жердің тарихын зерттемеген, қағазға түсірмеген біздер кінәліміз.

Киелі жеріміздің тарих қойнауына көз жүгіртсек, сол жерді мекендеген ата-бабалар жайлы бір мезгіл еске алсақ, әруақты баба-

бегімбет Иман батыр «Әй, Қошқар! Наурызым көрінді, енді обаны көтеруді тоқтаттайық» деген екен. Аңғал батыр осы сөзген сенген. Қызғаныштан ба, болмаса басқа себебі бар ма, Даудың атын өшіремін деп Мырқали атты азамат әкесі Қожанға обаны жанынан үлкен күйген кірпіштен кесене тұрғызды. Кесенені қалап болған кезде алапат дауыл тұрып, кесененің барша кесегін ұшырып әкеткен екен. Күні бүгінге дейін Дау мен Айтбай арасында далада шашылған қызыл кірпіштер кездеседі. Бұл жағдайды жергілікті халық күні бүгінге дейін тамсана айтып отырады. Қазір Даудың басында ұрпақтары қойған ескерткіш бар.

Сары Қошқар батыр Даудың бел баласы. Кенесары хан заманында өмір сүрген. 1795 жылы туып 1874 жылы өзінің «Қоңыр» түбегінде дүниеден озған. Қошқар батырдың басына да биік оба үйгізген. Кейінде батырға ас беріліп, басына ескерткіш тақта, мүсіні қойылды. Обасы қоршалды. Сары Қошқар батырдан туған Тоққожа, Аяпберген, Бижан, Біржан аталарымыз да тарихта ерекше орны бар, елге беделді азаматтар болған. Бижан Торғай жақсыларымен бірге 1916 жылы Губернатордың қабылдауына барған. Бижанға жылқының қылын қосып салған там, Біржан қажыға арнап салған оюлы қызыл кесене, Аяпбергеннің ақ сазға қыл қосқан сұпы тамы сақталған.

Біржан қажыны кеңес үкіметі 1928 жылдары тұтқындаған. Біржан қажы көзі тірісінде өзіне кесене салдырған. 1928-ші жыл-

мен бектерге пана болған киелі топырақтан атақты Мади ярдың Смайылы, Қошқар батырдың Аяпбергені, Бижаны, Біржаны, Қаралдың Байқадамы, Қали молда, Қара молда, Жалмағанбет молда, ұлт-азаттық көтерілісінің мыңбасы Қосжан, атақты әулие, емші оташылар Тілеп бақсы, Омар кәлпе, оташы әрі ақын, Ленин орденді еңбек озаты болған Жандәулеттің Өмірбегі, күміс көмей, жез таңдай әнші ақындар Мәтібай, Қияқбай, Өмірбек, Мақтаған, Құттыбай, Қәби, Қалдй, Байдақ, Молдаш, Сәкен, Көшімбек, Тоқтарлар шыққан.

Барша ғұмырын әділдік жолына арнап, қазақтың қамы үшін басын талай бәйгеге тіккен жазушы-ғалым энциклопедист Әсіптің Сапабегі мен от ауызды, орақ тілді сатираның қайталанбас бас сардары, қазақ тілі мен әділдік жоқшысы Сабыржанның Жұматайының атқарған істері де әділдікті қолдаған қоғам болса том-том кітап болған болар еді-ау. Атақты палуан Тауасар Сәйттерекұлының, Қуанышбайұлы Ордабайдың, Ордабайұлы Сайлаудың, Досбергенұлы Қабжалелдің, Қабжалелұлы Шөптібайдың, Сейтқас палуанның, Сабыржанов Жомарттың республика намысын қорғағанын екінің бірі білмейді.

Осы Қабырғада туып-өскен атақты палуан Рсмағанбеттің Егінбайы Қазақстан мен Қырғызстанның кезінде күрестен туын көтерген азамат.

Қабырға бойын жайлаған қалың елден көптеген ғалым-жазушы,

Асылхан Бекенов, Қостанай Университетінің мұғалімі, ғылым кандидаты Гүлназ Қалабайқызы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының мұғалімі, филология ғылымдарының кандидаты Базар Рахметова, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты Жанбай Әубәкіров, тарихы ғылымының кандидаты, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің полковнигі Рамазан Сейтқасов, Республикалық Қазақстан телеарнасының продюсері Әлімжан Сабыржанұлы, Журналист Төлеген Сейдахметов, Қазақстан жазушылар одағының хатшысы, мәдени мұра журналының редакторы, жазушы Азамат Есенжол, «Время» газетінің редакторы Марат Әсіпов, меценат Сапар Ысқақов, заң ғылымдарының кандидаты Мейрам Айдаболов, атақты дәрігер-невропотолог Хамитбек Махмұтов осы елден шыққан тұлғалар.

Осы киелі топырақ қаншама өнер адамдарын өмірге әкелді. Кешегі әнші Сайлау Ордабаев, Павлодар театрының халық әртісі Роза Бекеева, Мұхтар Әуезов атындағы академиялық театрдың актрисасы, Қазақстан жастар одағы сыйлығының иегері Баян Кәжнәбиева осы жердің тумасы. Қазақ спортына еңбегі сіңген жаттықтырушы Жомарт Сабыржановтың баласы Ернар Біріккен Араб Әмірлігінде елшілік қызметте. Алты шет тілін меңгерген, келешегі зор азамат. Осы Жомарттың атасы Исabay атақты құсбегі, мерген болған.

Кеңес үкіметі кезінде еңбек озаттары көптеп

«Омар», «Қарасу», «Шақат-Мұрат», «Құстөбе», «Дау» т.б. жер аттарын бүгінгі жастар біле бермеуі мүмкін. Елсіз жер иесіз жер болып ұмыт бола бастайды. Бір ғана «Жолшора» атты жер қалмақ батыры атымен аталған екен. Осы жерде қазақ батырымен жекпе-жекте қазақ батырын аттан құлатады. Аттан құлаған адамның басындағы дулығасы ұшып кетіп, қалың қолаң шашы жайылып кетеді. Қарсыласының әйел адам екенін біліп әйелмен соғыстым деп намыстанған қалмақ батыры өзін-өзі қанжармен жарып өлтіріпті деген аңыз бізге жетті. Осындай әр жердің өз тарихы бар.

Ұзын Қыпшақтың Қаз, Кедел руларынан тараған Жолдыбек, Сары, Берді ағайындар ұңғыдағы (ойдағы) қыстауларында кешегі 80-ші жылдары 40-45 отар қой, 6-7 табын ірі қара, мыңдаған жылқы бақты. Бүгінде содан ешнәрсе қалмады. Киелі жер иесіз болмас деген. Уақыт өте шұрайлы жер қайта елге қоныс, малға пана болар. Ел өсер, жетілер. Мың өліп мың тірілген, өткен ғасырдың өзінде бірнеше қасіретке ұшыраған киелі жердің текті халқы, бүгінгі ұрпағы ата-мекенді иесіз қалдырмасына сенімдімін. Тек қана сол бүгінгі ұрпақ, келешек ел, жер иесі, ата-баба әруағын қастерлеп, туған жердің қадіріне жетіп, өткенін, бүгінін естен шығармаса екен деген тілек бар.

Қабырғадағы мектепке Жұматай Сабыржанов аты берілді. Ауылға Қошқар батыр бабамыздың аты берілсе деген ұсыныс бар.

Шөптібай БАЙДІЛДИН